Бекітілді
Қадиф -

**_Циклограмма_**
**_Сәуір айы_**
**_І апта (28.03-01.04)_**
**_«Балапан» ортаңғы тобы_**
**_Өтпелі тақырып «Біз еңбекқор баламыз»_**

| Күн тәртібі | *Дүйсенбі 28.03* | *Сейсенбі 29.03* | *Сәрсенбі 30.03* | *Бейсенбі 31.03* | *Жұма 01.04* |
|---|---|---|---|---|---|
| | ***1. Денсаулық Дене шынықтыру – 1***<br>***2. Әлеумет Қоршаған ортамен таныстыру-0,5*** | ***1. Денсаулық Дене шынықтыру-1***<br>***2. Қатынас Сөйлеуді дамыту – 1***<br>***3. Таным Жаратылыстану-1*** | ***1. Шығармашылық Жапсыру – 0,25***<br>***2. Қатынас Орыс тілі-0,5*** | ***1. Шығармашылық Музыка – 1***<br>***2. Денсаулық Дене шынықтыру-1***<br>***3. Вариативтік комп. «Ойна да, ойла»-1*** | ***1. Таным Математика негіздері-1***<br>***2.Шығармашылық Сурет салу- 1*** |
| **Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу** | *Ата-аналармен амандасу. Балаларды қабылдау. «Алақан да алақан!» Балаларға бір-біріне жақсы көңіл күй сыйлауға үйрету. Баланың денсау-лығы, көңіл- күйі тура-лы білу. Төлем ақы туралы әңгімелесу* | | | | |
| **Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б. )** | *Құрлымдалған ойын: «Ғажайып дорба»*<br>***Шарты:*** *Балалар ғажайып дорбадағы ойыншықтарды тауып, әңгімелеп береді.*<br>*4К моделі, жаппай бақылау.* | *Пед жет ойын: «Қоянға көмектес»*<br>***Шарты:*** *Қонаққа қоян келеді. Баллар сұрақтарға жауап береді.*<br>*4К моделі, жаппай бақылау.* | *Құрлымдалған ойын: «Артығын тап!»*<br>***Шарты:*** *Балаларға суреттер таратылады. Суретке қарап, ненің артық екенін ажыратып табады.*<br>*4К моделі, жаппай бақылау.* | *Құрлымдалған ойын: «Фребель сыйы»*<br>***Шарты:*** *Балалар біз фребель ойыншықтары арқылы, геометриялық пішіндерді қолдана отырып, түрлі бейнелер құрастырады*<br>*4К моделі, жаппай бақылау.* | *Пед жет ойын: «Қуыршақты оятпа»*<br>***Шарты:*** *Ақырын сөйлеуді үйренеді.*<br>*4К моделі, жаппай бақылау.* |
| **Таңертеңгі гимнастика** | ***Сәуір айының 1 аптасына араналған таңертеңгі жаттығу кешені . Жаттығу кешені қосымша тіркелген.***<br>*Мақсаты: Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын дамыту. Баланы салауатты өмір салтына тәрбиелеу.* | | | | |
| **Таңғы ас** | *Ас мәзірімен таныстыру. Астың құрамындағы дәрумендер жайында айта отырып, асты тауысып жеуге кеңес беру. Балалардың дұрыс отыруын қадағалау. Тамақ үстінде жан жағына алаңдамауды, бір – біріне кедергі келтірмеуді үйрету. Рахмет айтуға тәрбиелеу.* | | | | |
| **Ойындар, ҰОҚ дайындық** | *ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау, психологиялық дайындық. балалармен өзара әңгіме жүргізу.* | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша** | ***1. Дене шынықтыру.***<br>*Педагог жоспары бойынша.*<br>***2. Қоршаған ортамен танысу*** | ***1. Дене шынықтыру.***<br>*Педагог жоспары бойынша.*<br>***2.Сөйлеуді дамыту*** | ***1.Жапсыру***<br>***Тақырыбы:*** *«Гүлдер әлемі»*<br>***Мақсаты***: *Гүлдерді аялай білуге әсемдікті сезіне білуге* | ***1.Музыка***<br>*Музыка жетекшісінің жоспары бойынша.*<br>***2. Дене шынықтыру.*** | ***1.Математика негіздері.***<br>***Тақырыбы:*** *«Көрікті гүлзар»*<br>***Мақсаты***:*Гүлзардағы* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **ұйымдасты рылған оқу қызмет-тері** | **Тақырыбы:** Өсімдік әлемі<br>**Мақсаты:** Ағаштар мен бұталарды танып, ағаштың және гүлдің бөліктерін атай біледі.<br>Ресурстар: АКТ, өсімдіктің суреттері, бөлме гүлдері, құмыра, топырақ, күрек<br>Әдіс-тәсілдер: 4К моделі, саралау. Блум таксономиясы, бақылау<br>**ҰОҚ өтілу барысы**<br>**Шаттық шеңбері**<br>Аспан түрді түндігін<br>Жерге сәуле жайылды<br>Неткен ашық күн бүгін,<br>Қайырлы таң, қайырлы!<br>**Қызығушылықтарын ояту**<br>Пед жет ойын: «Кім тапқыр?»<br>**Жұмбақ жасыру**<br>Қолы жоқ, аяғы жоқ- қозғалады, ауызы жоқ тыныс алады, қоректенеді,- бұл не болды?<br>Сұрақ- жауап жұмбақтың шешуіне байланысты.<br>**Ой дамыту:**<br>Суретпен жұмыс<br>Балалар өсімдіктер қайда өседі?<br>Өсімдіктердің адам өміріндегі маңызы қандай?<br>Өсімдік өсу үшін не керек?<br>Өсімдіктер өсу үшін не істеуіміз керек?<br>Мазмұн арқылы саралау, Блум таксономиясы.<br>**Топтарға бөлінеміз:**<br>**1-Топ: Бөлме гүлі (** бөлме гүлдерін сүртін, оларға күтім жасайды).<br>**2-Топ: Дала гүлі.** (Гүлдерді отырғызады.) | **Тақырыбы:** «Гүлдер біздің сәніміз»<br>**Мақсаты:** Гүлдердің түр – түстерін ажырата білуге үйренеді.<br>Ресурстар: слайд, гүлдердің суреттері, үлестірмелі материалдар<br>Әдіс-тәсілдер: 4К моделі, саралау. Блум таксономиясы, бақылау<br>**Қызығушылықтарын ояту**<br>Пед жет ойын: «Кім жылдам?»<br>**Жұмбақ жасыру:**<br>Аналарға сыйлайтын,<br>Аралар бар жинайтын.<br>Бұл немене, балалар,<br>Үзуге адам қимайтын<br>**Ой дамыту.**<br>**АҚТ технологиясымен жұмыс.**<br>(Слайд арқылы гүлдер туралы әңгімелеу).<br>**Топқа бөліну**<br>**1 – топ:** Бәйшешектен білеміз,<br>Көктем келіп қалғанын.<br>Мәз боламыз, күлеміз,<br>Көрсек гүлін жарғанын.<br>**2 - ші топ:**Алғаш рет күркіреп,<br>Ағыл – тегіл жауса күн.<br>Қырға шығар дүркіреп,<br>Көктем басы – жауқазын.<br>**3 - ші топ:** Үлбіреген бақбақ,<br>Үлпілдеген аппақ.<br>Уф! – десем, бақбақ,<br>Ұшасың ғой қаптан.<br>**Сергіту сәті:**<br>Гүлдер, гүлдер көк гүлдер, | үйренеді.<br>Ресурстар: АКТ, гүлдердің суреті.<br>Әдіс-тәсілдер: 4К моделі, саралау. Блум таксономиясы, бақылау<br>**Жылулық шеңбері:**<br>Аспанымыз ашық болсын!<br>Балабақшамыз гүлге толсын!<br>Табиғатымыз таза болсын!<br>Жеріміз гүлге толсын!<br>Балабақшамыз гүлдене берсін!<br>**Ой дамыту.**<br>**АКТтехнологиясы.**<br>Гүлдер туралы түсінік беру.<br>Бәйшешек гүлі - ол ерте көктемде қар еріп жатқан кезде тауда гүлдейді. Түсі-ақ<br>Қызғалдақ-қырда өседі. Түсі-қызыл<br>Раушан гүлі- барлық гүлдердің патшасы, сұлулық пен әсемдіктің белгісі. Түсі –ақ, қызғылт, қызыл<br>Мазмұн арқылы саралау, Блум таксономиясы.<br>**Сергіту сәті:**<br>Жалғыз саусақ тіпті де,<br>Ұстай алмас жіпті де<br>Екі саусақ бірікті,<br>Ине қолға ілікті<br>Үш саусғым оранды,<br>Жүгіртеді қаламды<br>Өнерлі екен он саусақ<br>Қала салсақ , жол салсақ<br>Пед жет ойын: «Не қажет?»<br>**Шарты:** Берілген суретке қажет затты атау.<br>**Шығармашылық жұмыс.**<br>Оқу ортасы арқылы саралау<br>**Топтарға бөлу.**<br>Жұмыс жасаудың әдіс-тәсілін түсіндіру, көрсету.<br>Құрлымдалған ойын: «Гүлдер | Педагог жоспары бойынша.<br>**3.Вариативтік бөлім. «Ойна да,ойла»**<br>**Тақырыбы: «Қарғымақ»**<br>**Мақсаты:** Бұлшық еттерін шымыр қылып қалыптастыру арқылы шапшаңдықтарын көрсетеді.<br>Ресурстар: слайд, үлестірмелі материалдар Әдіс-тәсілдер: 4К моделі, саралау. Блум таксономиясы, бақылау.<br>**Ой дамыту.**<br>**АКТ технолооиясы.**<br>**Слайдпен жұмыс.**<br>Ойын туралы түсінік беру.<br><br>**Сергіту сәті:**<br>Жалғыз саусақ тіпті де,<br>Ұстай алмас жіпті де<br>Екі саусақ бірікті,<br>Ине қолға ілікті<br>Үш саусғым оранды,<br>Жүгіртеді қаламды<br>Өнерлі екен он саусақ<br>Қала салсақ , жол салсақ<br>Балалардың жұмыстарын жанама бақылау.<br>**Сұрақтар ілмегі:**<br>Сонымен балалар ойын ұнадыма сендерге?<br>Бұл ойын арқылы нені үйрендік,шапшаң қозғалдықпа? | көбелектер мен гүлдерді санауға үйренеді.<br>Ресурстар: АКТ, көбелектер мен гүлдердің суреттері, қарақұмық, гүлзар<br>Әдіс-тәсілдер: 4К моделі, саралау. Блум таксономиясы, бақылау<br>**Ширату әдісі.**<br>**Шаттық шеңбері:**<br>Қане, қане тұрайық<br>Үлкен шеңбер құрайық<br>Тұрсақ егер шеңберге<br>Алақанды ұрайық<br>Оң жақтағы балаға,<br>Сол жақтағы балаға<br>Шапалақ та, шапалақ<br>Шапалақ та, шапалақ<br>**Қызығушылықтарын ояту**<br>Пед жет ойын: «Кім тапқыр?»<br>**Жұмбақ жасыру:**<br>Су құйсаң болды<br>Кетеді бойлап<br>Әдемі жұпар,<br>Не? Көрші ойлап?!<br>Сұрақ- жауап жұмбақтың шешуіне байланысты.<br>Сыни ойлау, комуникатив дағды.<br>**Ой дамыту.**<br>АКТ технологиясымен жұмыс<br>**Көшеге саяхат**<br>**Ой қозғау:**<br>Гүлзар қандай?<br>Гүлзар неге ұқсайды?<br>Гүлзар үлкен, биік ыдыста тұр. Оның үстіңгі қыры топырақ шашылып қалмау үшін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ***3-Топ: Бақша гүлі***<br>*Сыни ойлау, командамен жұмыс, жаппай бақылау.*<br>***Сергіту сәті:***<br>*Орнымыздан тұрайық,*<br>*Гүлдерге су құяйық*<br>*Орнымыздан жылжиық,*<br>*Басқа гүлге құяйық*<br>*Құрлымдалған ойын: «Не қайда өседі?»*<br>*Шарты:Әр өсімдікті өз үйіне орналастыр*<br>***ҰОҚ қорытындылау.*** *Сұрақ-жауап. Бағалау* | *Қызыл гүлдер, көп гүлдер*<br>*Өсе берші нұрланып,*<br>*Өсе берші ырғалып*<br>*Құрлымдалған ойын: «Гүлді ретімен орналастыр!»*<br>***Шарты:*** *үлестірмелі материалдар арқылы, гүлдерді атап, ретімен орналастыру*<br>*4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.*<br>***ҰОҚ қорытындылау.***<br>*Балаларға жұлдызшаберу арқылы мадақтау*<br>***3.Жаратылыстану***<br>***Тақырыбы:*** *«Өсімдіктер әлемі»*<br>***Мақсаты****: Көктем мезгілін дегі өсімдіктердің тіршілі гі туралы, орманда, бақшада, далада өсетін өсімдіктер туралы түсінеді.*<br>*Ресурстар: АКТ, өсімдіктердің, ағаштардың, көктем мезгілінің суреттері*<br>*Әдіс-тәсілдер: 4К моделі, саралау. Блум таксономиясы, бақылау*<br>***Амандасу:***<br>*Шеңбер болып тұрайық*<br>*Алақанды ашайық*<br>*Күннің нұрын шашайық*<br>*Таза ауаны жұтайық*<br>*Жүрекке жылу сыйлайық*<br>*Жиналған жылы шуақты*<br>*Бір-бірімізге шашайық*<br>***Ой дамыту.***<br>***АКТ технолооиясы.***<br>***Слайдпен жұмыс.*** | *әлемі»*<br>*Шарты: Әр топ өзіне берілген гүлдерді жапсырады.*<br>***1 топ: «Бәйшешек» гүлі***<br>***2 топ: «Қызғалдақ» гүлі***<br>***3 топ: «Раушан» гүлі***<br>*Өз беттерінше жұмыс жасау. Гүлдердің суретін жапсыру.*<br>*Қадағалау көмектесу.*<br>*Сыни ойлау, креативтілік дағды, командада жұмыс, жаппай бақылау.*<br>*ҰОҚ қорытынды*<br>*Галерея шарлау әдісі.*<br>*Бір бірін бағалайды.*<br>***2.Орыс тілі***<br>*Педагог жоспары бойынша.* | *4К моделі, бала үні*<br>***Қорытынды:***<br>*Балаларды мадақтау.* | *биік етіп жасалған.*<br>*Құрлымдалған ойын: «Гүлзардағы көбелектер мен гүлдер»*<br>***Шарты:*** *гүлзарға топырақтың орнына, қарақұмық жармасын салады. Балаларға жасанды гүлдерді таратып, гүлзарға отырғызуды ұсыну. Оған көбелектер мен гүлдерді орнату.*<br>*Құрлымдалған ойын: «Ретімен қою»*<br>*Шарты: сөреге 2 гүл, ал жоғарғы сөреге 3 гүл отырғызғыш қою.*<br>***Ашық сұрақ***<br>*«Гүл қанша? Горшок нешеу? Қайсысы көп (аз): гүл ма, әлде горшок пе? 2аз ба, әлде 3 аз ба?Олардың санын тең болуы үшіни не істеу керек?»*<br>*4К моделі, бала үні.*<br>***ҰОҚ қорытындылау****.*<br>*Сұрақ-жауап.*<br>*3 шапалақ әдісі арқылы қорытындылау*<br><br>***2.Сурет салу.***<br>***Тақырыбы:*** *«Көктем гүлдері»*<br>***Мақсаты****: Дәстүрден тыс әдісті қолдана отырып, сурет салуға үйренеді.*<br>*Ресурстар: АКТ, гүлдердің суреттері, сурет салуға арналған құралдар.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | *Өсімдіктер туралы түсінік беру.*<br>*Үдеріс арқылы саралау, Блум таксономиясы.*<br>***Сергіту сәті:***<br>*Тербеледі ағаштар,*<br>*Алдымнан жел еседі.*<br>*Кіп-кішкентай ағаштар*<br>*Үп-үлкен болып өседі*<br>*Құрлымдалған ойын: «Не қайда өседі?»*<br>***Шарты:*** *Далада және үйде өсетін өсімдіктерді ажыратып орналастыру*<br>***Практикалық жұмыс:***<br>*Пед жет ойын: «Гүлдерді күтеміз»*<br>*Шарты: Табиғат бұрышындағы гүлдерге күтім жасау жолдарын ретімен айту.*<br><br>*Балалардың жұмыстарын жанама бақылау.*<br>***Сұрақтар ілмегі:***<br>*Сонымен балалар өсімдік жақсы өсу үшін қалай күту керек екен?*<br>*Өсімдіктердің адам өміріндегі маңызы қандай?*<br>*Сыни ойлау, бала үні, Блум таксономиясы.*<br>***ҰОҚ қорытындылау.***<br>*Сұрақ-жауап. Бас бармақ әдісі бойынша қорытындылау.*<br>*Жақсылықты қолдаймыз,*<br>*Табиғатты қорғаймыз*<br>*Тал егеміз бақтарға*<br>*Айналасын қоршаймыз* | | | *Әдіс-тәсілдер: 4К моделі, саралау. Блум таксономиясы, бақылау*<br>***Шаттық шеңбері:***<br>*Сурет салсам, гүл саламын*<br>*Гүлге толып, тұрса алаңым.*<br>*Сурет салсам, күн саламын*<br>*Күндей күліп тұрса маңым*<br>***Миға шабуыл:***<br>*Пед жет ойын: «Кім тапқыр?»*<br>***Жұмбақтар сыры***<br>*Осы гүлдің отаны*<br>*Қазақтың кең даласы*<br>*Көктемде дала құлпырып*<br>*Қып-қызыл болар қарашы*<br>***(Қызғалдақ)***<br>*Көктемде гүл жарады*<br>*Одан табиғи бояу алады*<br>***(Бәйшешек)***<br>*Аппақ өңі тартымды,*<br>*Қасиетті гүл қашанғы*<br>*Халық одан әртүрлі*<br>*Дәрі-дәрмек жасайды.*<br>***(Түймедақ)***<br>*Сыни ойлау, комуникатив дағды.*<br>***Сергіту сәті:***<br>*Шаршағанда ырғалып,*<br>*Гүлге ұқсап демалып*<br>*Қанатымды бір қағвп,*<br>*Гүлдей болыпжайқалған*<br>***Психологиялық жаттығу:***<br>*Балалар баріміз көзімізді жұмып, әдемі гүлдерді көз алдымызға елестетейік.*<br>*Енді осы гүлдерді қағаз бетіне түсірейік.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | *Оқу ортасы арқылы саралау.*<br>***Топтарға бөлініп жұмыстану***<br>***1- Топ Бәйшешек***<br>***2- Топ Қызғалдақ***<br>***3- Топ Түймедақ***<br>*Дәстүрден тыс жұмыс жасаудың әдіс-тәсілін түсіндіру, көрсету. Әр топ өздеріне берілген гүлдердің суретін салу.*<br>*Сыни ойлау, креативтілік дағды, командада жұмыс,жаппай бақылау.*<br>*Өз беттерінше жұмыс жасау. Қадағалау көмектесу.*<br>*3 шапалақ әдісі бойынша қорытындылау* |
| **Серуенге дайындық** | ***Киіну:*** *Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.* | | | | |
| **Серуен:** | ***Картотека № 11***<br>*Ауа- райын бақылау.*<br>*4 к моделі, бала үні, жаппай бақылау.* | ***Картотека № 9***<br>*Құстарды бақылау.*<br>*4 к моделі, бала үні, жаппай бақылау.* | ***Картотека №15***<br>*Бақта өсетін ағаштардың гүлденуін бақылау*<br>*4 к моделі, бала үні, жаппай бақылау.* | ***Картотека № 17***<br>*Ауладағы сиреньдерді бақылау.*<br>*4 к моделі, бала үні, жаппай бақылау.* | ***Картотека № 20***<br>*Жаңа өсіп келе жатқан көк шөпті бақылау.*<br>*4 к моделі, бала үні, жаппай бақылау.* |
| | ***КӨКТЕМ СЕРУЕН КАРТОТЕКАСЫНАН. Картотека қосымша тігілген*** | | | | |
| **Серуеннен оралу** | *Балаларға реттіліקпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.* | | | | |
| **Түскі ас** | *Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүртінуді, сүлгілерін өз ұяшықтарына ілуді үйрету.. Ұқыпты тамақтану дағдыларына асты аздан алып ішуге, ас құралдарын дұрыс қолдануға тәрбиелеу. Үстелге дұрыс отырып,тамақтануға , нан қиқымын жерге түсірмей, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру* | | | | |
| **Ұйқы** | *Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау.* | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынық-тыру шаралары.** | ***№ 2***<br>*Балапандар тұрайық*<br>*Көзімізді ашайық*<br>*Жан-жаққа біз қарайық*<br>*Бір күлімден алайық.*<br>*4 к моделі, бала үні, жаппай бақылау.* | ***№ 2***<br>*Балапандар тұрайық*<br>*Көзімізді ашайық*<br>*Жан-жаққа біз қарайық*<br>*Бір күлімден алайық.*<br>*4 к моделі, бала үні, жаппай бақылау.* | ***№3***<br>*Көзімізді ашайық*<br>*Бойымызды жазайық*<br>*Қолмен көзді уқалап*<br>*Созылып бір алайық.*<br>*4 к моделі, бала үні, жаппай бақылау.* | ***№3***<br>*Көзімізді ашайық*<br>*Бойымызды жазайық*<br>*Қолмен көзді уқалап*<br>*Созылып бір алайық.*<br>*4 к моделі, бала үні, жаппай бақылау.* | ***№4***<br>*Көзіміз ашылды*<br>*Ұйқымыз басылды*<br>*Дем алдық ұйықтадық*<br>*Шаттанып ойнайық.*<br>*4 к моделі, бала үні, жаппай бақылау.* |
| | ***«ҰЙҚЫ АШАР ЖАТТЫҒУЛАРЫ» КАРТОТЕКАСЫНАН.*** *(Картотека қосымша тігілген)* | | | | |
| **Бесін ас** | *Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.* | | | | |
| **Ойындар, дербес әрекет. Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс** | *Құрылымдалған сюжетті рөлді ойын*<br>*«Балапан» ертегісі*<br>*Мақсаты:*<br>*Балалар ертегі кейіпкерлерін сомдауға дағдыланады*<br>*Күтілетін нәтиже:*<br>*Өздеріне берілген ертегі кейіпкерлерін сомдай алады.*<br>*4 к моделі, бала үні бақылау* | *Педагог жетекшілігімен ойын*<br>*«Қуыршақ қонаққа дайындалуда»*<br>*Ойынның мақсаты: ұзын-қысқа, жуан-жіңішке, ұзындығы бірдей өлшемдерді түсснеді.*<br>*Күтілетін нәтиже:*<br>*Ойын арқылы геометриялық ұғымдарды үйренеді.*<br><br>*4 к моделі, бала үні бақылау* | *Құрылымдалған ойыны «Телефон»*<br>*Мақсаты: естіген сөзді екінші балаға бұлжытпай жеткізуді үйренеді.Сөздік қоры дамиды.*<br>*Күтілетін нәтиже:*<br>*Балалар ойынды ойнай отырып, қарым-қатынас дағдыларын түсінеді.*<br>*4 к моделі, бала үні бақылау* | *Педагог жетекшілігімен жүргізілетін қимылды ойын*<br>*«Қояндар мен қасқыр»*<br>*Мақсаты:*<br>*Баллардың қасқыр мен қоян туралы түсініктері қалыпта сады. Епті және шапшаң болуға тырысады.*<br>*Күтілетін нәтиже:*<br>*Балалар өлең мазмұнына сай қасқыр мен қоян қимылдарын жасай алады.*<br>*4 к моделі, бала үні бақылау* | *Құрылымдалған қимыл-қозғалыс ойыны: «Ұшақ»*<br>*Мақсаты:*<br>*Балалар жүру мен жүгіру және секіруге дағддыланады*<br>*Күтілетін нәтиже:*<br>*Балалар әр түрлі бағытта және әртүрлі секірудің түрлерін үйренеді.*<br>*4 к моделі, бала үні бақылау* |
| **Серуенге дайындық** | *Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.* | | | | |
| **Серуен** | ***Картотека № 11***<br>*Ауа- райын бақылау.*<br>*4 к моделі, бала үні, жаппай бақылау.* | ***Картотека № 9***<br>*Құстарды бақылау.*<br>*4 к моделі, бала үні, жаппай бақылау.* | ***Картотека №15***<br>*Бақта өсетін ағаштардың гүлденуін бақылау*<br>*4 к моделі, бала үні, жаппай бақылау.* | ***Картотека № 17***<br>*Ауладағы сиреньдерді бақылау.*<br>*4 к моделі, бала үні, жаппай бақылау.* | ***Картотека № 20***<br>*Жаңа өсіп келе жатқан көк шөпті бақылау.*<br>*4 к моделі, бала үні, жаппай бақылау.* |
| | ***СЕРУЕН КАРТОТЕКАСЫНАН. ТАҢЕРТЕҢГІ СЕРУЕН КЕЗЕҢІН БЕКІТУ*** | | | | |
| **Балаларды н үйге қайтуы** | *Ата-анаға балаларының балабақшадағы достарымен қарым –қатынасы туралы әңгімелесу.*<br>*Ата-аналарымен бірге табиғаттағы гүлдер бейнесін салу.Композиция құрастыру Фотосурет көрмесі «Гүлдер әлемі». Ата-аналарға кеңес: Балалардың күн тәртібін сақтауын қадағалау.* | | | | |

Бекітілді
Кадиф-

***Циклограмма***
***Сәуір айы***
***ІІ апта(04.04-08.04)***
***«Балапан» ортаңғы тобы***
***Өтпелі тақырып: «Біз еңбекқор баламыз»***

| **Күн тәртібі** | ***Дүйсенбі 04.04*** | ***Сейсенбі 05.04*** | ***Сәрсенбі 06.04*** | ***Бейсенбі 07.04*** | ***Жұма 08.04*** |
|---|---|---|---|---|---|
| | ***1.Таным***<br>***Құрастыру -0,5***<br>***2.Денсаулық – 1***<br>***Дене шынықтыру – 1*** | ***1. Денсаулық***<br>***Дене шынықтыру – 1***<br>***2. Қатынас***<br>***Сөйлеуді дамыту – 1***<br>***3. Таным***<br>***Жаратылыстану - 1*** | ***1. Шығармашылық***<br>***Музыка – 0,5***<br>***2. Қатынас***<br>***Көркем әдебиет-0,5*** | ***1. Шығармашылық***<br>***Музыка – 1***<br>***2. Денсаулық***<br>***Дене шынықтыру-1***<br>***3. Вариативтік компонент***<br>***«Ойна да, ойла» - 1*** | ***1. Таным***<br>***Математика негіздері***<br>***2. Шығармашылық***<br>***Сурет салу - 1*** |
| **Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу** | *Балалардың көңіл-күйін бақылау.дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу. Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс.*<br>***Ата-аналармен жұмыс:***<br>*«Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу.* | | | | |
| **Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б. )** | *Құрылымдалған дидактикалық ойын: «Ортақ атауына қарай топтастыр»*<br>*Мақсаты: балалар кез-келген заттың ортақ атауы болатынын түсінеді*<br>*Күтілетін нәтиже:*<br>*Суреттерді топтастыра отырып, ортақ атауларын атай алады.*<br>*Мысалы (өсімдіктер, жануарлар, ойыншықтар)*<br>***4 к моделі, Бала үні*** | *Құрылымдалған дидактикалық ойын: «Не артық»*<br>*Мақсаты: Балалар берілген суреттердің ортақ атауы барын түсінеді.*<br>*Күтілетін нәтиже:*<br>*Суреттерді атай отырып,не артық екенін айтады.*<br>***4 к моделі, Бала үні*** | ***Мен де балғын гүлмін***<br>***Автор. М. Байсариева***<br>*Арасынды гүлдің*<br>*Ойнап бүгін жүрдім*<br>*Қызыл, көкшіл, сары*<br>*Әп-әдемі бәрі*<br>*Енді ғана білдім-*<br>*Мен де балғын гүлмін!*<br>***4 к моделі, Бала үні*** | *Құрылымдалған дидактикалық ойын: «Құлыпты аш»*<br>*Мақсаты: логикалық ойлай алады, геометриялық пішіндерді түрі және түсі бойынша ажырата алады.*<br>*.Күтілетін нәтиже:*<br>*Балалар жыл мезгілдерінің атауларын атап,оларды бір-бірінен ажырата біледі.*<br>***4 к моделі, Бала үні*** | *Құрылымдалған ойын: «Пішіндер поезды»*<br>*Мақсаты: Балалардың пішіндер туралы түсініктері қалыптасады.*<br>*Күтілетін нәтиже:*<br>*Суреттердің атауларын атай отырып, пішіндер вагонынын жалғастыра біледі.*<br>***4 к моделі, Бала үні*** |
| **Таңертеңгі гимнастика** | ***Сәуір айының 2 –аптасына арналған жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелеген.***<br>***Мақсаты.*** *Балалардың жалпы даму жаттығуларын жасау арқылы балаларды шапшаңдыққа, дене бітімін дұрыс қаслыптасуына үйрету* | | | | |
| **Таңғы ас** | *Ас мәзірімен таныстыру. Астың құрамындағы дәрумендер жайында айта отырып, асты тауысып жеуге кеңес беру. Балалардың дұрыс отыруын қадағалау. Тамақ үстінде жан жағына алаңдамауды, бір – біріне кедергі келтірмеуді үйрету. Рахмет айтуға тәрбиелеу.*<br>*Тамақ ішер алдында,*<br>*Сөйлемейміз, күлмейміз*<br>*Астан басқа өзгені,*<br>*Елемейміз білмейміз!* | | | | |

| Ойындар, ҰОҚ дайындық | ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау, психологиялық дайындық. балалармен өзара әңгіме жүргізу. | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметтері | **1.Құрастыру**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Зымыран»**<br>**Мақсаты:** Балалар зымыран туралы түсіне отырып, геометриялық пішіндерден зымыран құрастырады.<br>Ресурстар:Зымыран суреті<br>Әдіс – тәсілдер:4К моделі, бақылау, саралау<br>**ҰОҚ өтілу барысы**<br>**I. Шаттық шеңбері. "Бала,бала,баламыз" Е.Өтетілеуұлы.**<br>Бала,бала,баламыз,<br>Бақшамызға барамыз.<br>Күні бойы қызыққа<br>Батамызда қаламыз!<br>**II.Қызығушылықтырын ояту.**<br>Пед жет ойын: «Кім тапқыр?»<br>**Жұмбақ жасыру**<br>Көкке зулап ұшатын,<br>Ер ғарышкер ағалар,<br>Аспан шарлап жүретін<br>Білсең айтшы не екенін?<br>**(Зымыран)**<br>**1.Ғарыш туралы түсінік беру.** Сұрақ – жауап<br>-Ғарыш деген не?<br>-Оған немен барады?<br>-Қандай ғарышкерлерді білесіңдер?<br>Мазмұн арқылы саралау, Блум таксономиясы.<br>**Сергіту сәті:**<br>«Қане қанат жазайық,<br>Зымыран боп, ұшайық.<br>Ай бетінде болайық,<br>Қайта жерге қонайық | **1.Дене шынықтыру**<br>Педагог жоспары бойынша.<br>**2.Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:** «Ғарышқа сапар»<br>**Мақсаты**: Ғарыш әлеміне туралы түсіне отырып, қазақтың тұңғыш ғарышкерлері-мен танысады.<br>Ресурстар:Зымыран суретіб АКТ технологиясы.<br>Әдіс – тәсілдер:4К моделі, бақылау, саралау<br>**ҰОҚ өтілу барысы**<br>**Психологиялық тренинг**<br>Бақыт – біздің сиқырлы шеңберіміз<br>Бақыт – біздің достарға сенгеніміз<br>Бақыт – таңнан біреумен достасуың<br>Бақыт – кеште достармен қоштасуың<br>**Ой қозғау. АКТ жұмыс.**<br>Ғарыш және ғарышкер туралы түсінік беру.<br>-Ғарыш дегеніміз не?<br>-Ғарышкер дегеніміз кім?<br>-Қандай әуе көліктерін білесіңдер?<br>- Мына суретте ең алғаш ғарышқа ұшқан адам Юрий Гагарин.<br>-Ғарышқа қазақтардан кімдер бірінші болып ұшты?<br>-Олар не себептен ғарышқа ұшады?<br>(Аспан кеңістігін зерттейді)<br>-Ғарыш айлағы қай қалада орналасқан?<br>-Оны қалай атаймыз?<br>Сыни ойлау. Мазмұн арқылы | **1.Музыка**<br>Музыка жетекшісінің жоспары бойынша.<br>**2.Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:** «Мен ғарышкер боламын»<br>**Мақсаты:** Ғарыш, ғарышкер туралы түсініктерді біледі, өз ойын айта алады.<br>Ресурстар: Ғарыш, ғарышкерлер, зымыран туралы суреттер, АКТ тех<br>Әдіс – тәсілдер:4К моделі, бақылау, саралау<br>**ҰОҚ жүргізілу барысы**<br>**Шаттық шеңбер**<br>Қуан,шаттан алақай!<br>Қуанатын күн келді!<br>Күліп шықты күн бүгін!<br>Қайырлы таң,қайырлы күн!<br>Балалар.<br>Балалар, жылдың қай мезгілі?<br>Көктемде неше ай бар,олар қалай аталады?<br>Көктемнің белгілерін кім айтады?<br>Сыни ойлау, бала үні.<br>**Ой қозғау. АКТ технологиясымен жұмыс**<br>Пед жет ойын: «Ғарышкер»<br>Шарты:Аспан әлемінің өзгешелігін айтып беру.<br>Ай,күн,жұлдыз т.б.<br>Ғарыш әлемі. Ғарыш әлемінде не көріп тұрсыңдар? Ғарыш әлемінде көп жұлдыздар бар.<br>Қызыл жұлдыздар олар Жерден алыс және суық онда өмір жоқ. Сары жұлдыздар Жерге жақын.<br>Ғарыш әлемінде сендер | **1. Музыка**<br>Педагог жоспары бойынша<br>**2.Дене шынықтыру**<br>Педагог жоспары бойынша.<br>**3.Вариативтік бөлім «Ойна да, ойла»**<br>**Тақырыбы: «Жапалақтар мен қарлыағаштар"**<br>**Мақсаты:** Ойнау арқылы ойлау қабілеттерін арттырады, сөйлеу тілінің жетілгендігін көрсетеді.<br>Ресурстар: Дидактикалық материалдар.<br>Әдіс-тәсілдер: 4К моделі, саралау, бақылау.<br>**Шаттық шеңбері.**<br>Таза бала мұнтаздай,<br>Сүйсінеді қараған.<br>Ұқыпты деп дұл қандай<br>Жақсы көрер бар адам.<br>Ұқыпты осындай<br>Болайықшы досым-ай.<br>**Негізгі қимыл-жаттығулары:**<br>1. Заттардың арасымен жүру.<br>2.Сызықтан аттап секіру.<br>Өнім арқылы саралау, сыни ойлау, командада жұмыс, жаппай бақылау. | **1.Математика негіздері.**<br>**Тақырыбы:** Кеңістікті бағдарлау<br>**Мақсаты:** Кеңістікті бағдарлай алады.<br>Геометриялық ұғымдарды түсінеді<br>Ресурстар: Дидактикалық материалдар.<br>Әдіс-тәсілдер: 4К моделі, саралау, бақылау.<br>**ҰОҚ өтілу барысы**<br>**I. Шаттық шеңбері.**<br>**Н. Айтов. «Тату – тәтті тұрамыз»**<br>Бір шаңырақ астында,<br>Тату –тәтті тұрамыз.<br>Бірге ішеміз асты да,<br>Бірге сайран құрамыз.<br>**Ой дамыту. АКТ көрсету.**<br>**Балаларға кеңістік туралы түсінік беру.**<br><br>**1.Салыстыру**.<br>Үлкен – кіші ұғымы.<br>Құрлымдалған ойын: «Аңдардарды үйлеріне орналастыр»<br>-Мына үйлер қандай?<br>-Үлкен үй неше қабатты?<br>- Демек үлкен үйде қандай аң тұрады? |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **2. Жұмыс жасаудың әдіс – тәсілін түсіндіру, көрсету**<br>Зымыранның қандай бөліктері бар?<br>Оның пішін қандай?<br>Зымыранның жоғарғы төбесі қандай пішінге ұқсайды?<br>Қанаттары қандай пішінге ұқсайды?<br>Балалардың жауаптары.<br>Блум таксономиясы, жетелеуші сұрақтар арқылы бақылау.<br>**Өз беттерінше жұмыс жасау.**<br>Құрлымдалған ойын: «Зымырандар»<br>Қадағалау, көмектесу<br>4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.<br>Балалардың жұмысын қортындылау.<br>**Балаларды мадақтау**<br><br>**2.Дене шынықтыру**<br>Педагог жоспары бойынша. | саралау, Блум таксономиясы.<br>**Сергіту сәті.**<br>Ал балалар тұрайық,<br>Алақанды ұрайық.<br>Оңға қарай бұрылып,<br>Солға қарай бұрылып,<br>Бір отырып, бір тұрып,<br>Бой сергітіп алайық<br>**Ой дамыту.**<br>**Балаларды топқа бөлу.**<br>Оқу ортасы арқылы саралау.<br>Құрлымдалған ойын: «Ғарыш әлемі»<br>**1-топ**<br>**«Жұлдызды аспан әлемін құрастыру»**<br>Ойын шарты: балалардың алдына аспанда болатын және жерде болатын денелердің арасынан тек аспанда болатын денелерді табу. Мысалы: гүл жерде, ай аспанда т.б.<br>**2-топ**<br>**Үлестірмелі материалмен жұмыс: «Зымыран құрастыру.**<br>Әртүрлі геометриялық фигуралардан зымыран құрастыру. Зымыран туралы әңгімелеу.<br>Сыни ойлау, креативтілік дағды, командада жұмыс, жаппай бақылау,<br>**Қортынды**<br>Аспан, аспан, арайлым,<br>Саған жиі қараймын,<br>Сені көзбен шоламын,<br>Мен ғарышкер боламын.<br>**3.Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:** «Аспан әлеміне саяхат»<br>**Мақсаты:** Балалар аспан әлеміндегі қызықты оқиғалармен танысады.<br>**Ресурстар:** Тақырып бойынша | білетін планеталар- Күн, Жер, АЙ, Шолпан . Біз Жер планетасында тұрамыз.<br>Жерде ғана тіршілік өмір бар.<br>Зымыранды кім жүргізеді?<br>Дұрыс, ғарышкер<br>Дүниежүзінің ең бірінші ғарышкері ЮРИЙ АЛЕКСЕЕВИЧ ГАГАРИН.<br>Балалар егеменді ел тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш қазақ ғарышкері-ТОҚТАР ӘУБАКІРОВ<br>Екінші қазақ ғарышкері-ТАЛҒАТ МҰСАБАЕВ<br>Мазмұн арқылы саралау, Блум таксономиясы.<br>**Ой дамыту**<br>**«Мен Ғарышкер боламын»**<br>Аспан, аспан, арайлым,<br>Саған жиі қараймын,<br>Сені көзбен шоламын,<br>Мен ғарышкер боламын.<br>Ғарышкермендеболамын,<br>Боламындесемболамын.<br>Көктіңжүзінбарлаймын<br>Үлкенғалымболамын.<br>Өлең мәнерлеп оқу, жолдарын түсіндіріу.<br>Қайталап жаттауға үйрету.<br>**Сөздік жұмысы:** ғарыш, ғарышкер,зымыран, астроном, ай, жер, күн, планета.<br>**Топтық жұмыс.**<br>Құрлымдалған ойын: «Ғарыш әлемі»<br>Шарты. Ғарыш әлемін құрастыру.<br>Креативтілік дағды, командамен жұмыс, сыни ойлау, жаппай бақылау.<br>**Қортынды.**<br>-Балалар қандай тақырып | **Қимылды ойын:**<br>Торғайлар мен мысық<br>4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.<br>Балаларды мадақтау.<br>Қорытынды: | -Ортаңғы үйдің аңын тауып бер?<br>-Кішкентай үйде не тұрады?<br>Сыни ойлау, бала үні<br>2 **Алға –артқа, оңға - солға ұғымын түсіндіру**.<br>Сюжетті суреттермен жұмыс.<br>**Сергіту сәті.**<br>**Аудиомен**<br>**3. Миға шабул.**<br>**Логикалық тапсырма**<br>-Жол ұзын ба, қысқа ма?<br>Қол ұзын ба, қысқы ма?<br>-Қасық ұзын ба, қысқа ма?<br>Асық ұзын ба, қысқа ма?<br>-Алма үлкен бе, түйме үлкен бе?<br>-Аю үлкен бе, қоян үлкен бе?<br>-Шаш ұзын ба, қас ұзын ба?<br>Сыни ойлау, бала үні<br>Құрлымдалған ойын: «Жол картасын бейнеле»<br>Шарты: Пішіндермен жұмыс.<br>Кеңістікті бағдарлау. Күн, тал, құс, шөп, су, бұлт, гүл.<br>Сыни ойлау, жанама бақылау.<br>**ҰОҚ қортындылау**<br>**Құрлымдалған ойын: «Сиқырлы жолдар»** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | *көрнекіліктер, АҚТ технологиясы*<br>***Әдіс-тәсілі:*** *4К моделі, саралау, командада жұмыс, бала үні, жанама бақылау*<br>***ҰОҚ өтілу барысы***<br>***Шаттық шеңбері.***<br>*Таза бала мұнтаздай,*<br>*Сүйсінеді қараған.*<br>*Ұқыпты деп дұл қандай*<br>*Жақсы көрер бар адам.*<br>*Ұқыпты осындай*<br>*Болайықшы досым-ай.*<br>***ІІ.Қызығушылықты ояту.***<br>***Өлең оқу.***<br>***Сұрақ – жауап.***<br>*Бүгін Юрий ағаның*<br>*Ұшқан күні ғарышқа*<br>*Мен аспанға қараймын*<br>*Мен ғарышкер боламын*<br>*Ғарыш сондай алыс па?*<br>*Аспан, аспан арайлым,*<br>*Саған жиі қараймын*<br>*Сені көзбен шоламын*<br>*Өлең не туралы айтылған?*<br>*Түсіндіру.*<br>*Мазмұн арқылы саралау, Блум таксономиясы.*<br>***2. Ой қозғау.***<br>*-Балалар,сендер де ғарышқа ұшқыларың келе ме?*<br>*-Балалардың жауабы.*<br>*-Мына зымыранда қандай геометриялық пішіндер қолданылған?*<br>*-Өзімізге осындай зымыран құрастырсақ қайтеді?*<br>***Топтық жұмыс.***<br>*Құрлымдалған ойын: «Зымыран»*<br>*Зымыран құрастыру.*<br>*Балалардың ұжымдық жұмысы.*<br>*Міне,біздің де зымыранымыз дайын болды.* | *өттік?*<br>*-Сұрақ-жауап арқылы сабақты қорыту.*<br>*-Ғарыш әлеміне нелер жатады?*<br>*-Кім ғарышкер болғысы келеді?* | | ***Шарты.*** *Оң жақтағы жол үш-бұрыштан, сол жақтағы жол төртбұрыштан, тура жол дөңгелектен басталады. Әр бала өзінің қолындағы пішінге ұқсас жолмен жүру.*<br>*Балаларды мадақтау.*<br><br>***2.Сурет салу***<br>***Тақырыбы:***<br>*«Зымыран»*<br>***Мақсаты:*** *Зымыран оның құрылысы тура-лы түсіне отырып, қағаз бетіне түсіре алады.*<br>*Ресурстар:Зымыран суреті*<br>*Әдіс – тәсілдер:4К моделі, бақылау, саралау*<br>***ҰОҚ өтілу барысы***<br>***І. Шаттық шеңбері.***<br>***"Бала,бала,баламыз" Е.Өтетілеуұлы.***<br>*Бала,бала,баламыз,*<br>*Бақшамызға барамыз.*<br>*Күні бойы қызыққа*<br>*Батамызда қаламыз!*<br>***ІІ.Қызығушылықты ояту.***<br>*Пед жет ойын: «Кім жылдам?»*<br>*Жұмбақ жасыру*<br>*Көкке зулап ұшатын,*<br>*Ер ғарышкер ағалар,*<br>*Аспан шарлап жүретін*<br>*Білсең айтшы не екенін?* ***(Зымыран)*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | ***Ғарышқа саяхат.***<br>***3.1*** *-Елестету.*<br>*1,2,3 ұшып барамыз, ұшып барамыз.*<br>*«Таңғажайып табиғат» әлеміне қону.*<br>***-Сұрақ – жауап.***<br>*-Бұл ғаламның талдары , сулары неліктен біртүрлі ?*<br>*-Ал мына құстың ұясы қайда тұр?*<br>*-Ал көбелектер қайда ұшып жүр?*<br>*Бәрі, бәрі керсінше.*<br>*Пед жет ойын: «Өз орнын тап»*<br>*Шарты: әр заттың өз орнын атау.*<br>***3.2.Ұшып келеміз, ұшып келеміз, 1,2,3 қонамыз.***<br>***-Мынау қандай ғалам екен?***<br>***-Роборттар ғаламы.***<br>***-Сұрақ – жауап.***<br>*Робот: Са-ла-мат-сың-дар ма ,ба-ла-лар,сен-дер қай ға-лам-нан кел-дің-дер?*<br>*Балалар: Жер ғаламынан келдік.*<br>*Робот: Сен-дер-діңжер-ле-рің қа-лай деп а-та-ла-ды?*<br>*Балалар: Қазақжері деп аталады*<br>*Робот: Иә,сен-дер-дің ға-лам-да-рың-нанкел-ген а-дам-дар, о-сыжер-де зерт-теужұ-мыс-та-рынжүр-гізеді.Мен де оыжер-де жұ-мыс іс-тей-мін. Ма-ған та-мақ-тың,су-дың,ауа-ның еш қажеті жоқ.Сон-дық-тан мен осы жер-де үне-мі жүремін.*<br>*Ал,ба-ла-ларме-нің әліжұ-мысым көп, саубо-лың-дар. Робот кетеді.*<br>*Балалар, біздің де қайтатын уақытымыз болған сияқты.* | | | *Сыни ойлау, бала үні.*<br>***1.Ғарыш туралы түсінік беру.*** *Сұрақ – жауап*<br>*-Ғарыш деген не?*<br>*-Оған немен барады?*<br>*-Қандай ғарышкерлерді білесіңдер?*<br>*Сөздік жұмыс.*<br>***2.Жұмыс жасаудың әдіс – тәсілін түсіндіру, көрсету***<br>*Пед жет ойын: «Қандай пішіндер?»*<br>*Шарты: Зымырандағы геометриялық пішіндерді атау.*<br>***Сергіту сәті:***<br>*Біз кішкентай баламыз,*<br>*Өсіп-өніп толамыз.*<br>*Көкке қолды созамыз,*<br>*Құстай қанат қағамыз.*<br>*Қарлығаш боп ұшамыз,*<br>*1-2-3 өсеміз де, толамыз.*<br>***3. Өз беттерінше жұмыс жасау.***<br>*Қадағалау, көмектесу*<br>*4К моделі, Жанама бақылау.*<br>*Құрлымдалған ойын: «Біздің көрме»*<br>*Шарты: Жасаған зымырандарды жинап көрме ұйымдастыру.*<br>*Балалардың жұмысын талдау.*<br>***Қортынды.***<br>***Балаларды мадақтау*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | *Осында көргенімізді жердегі достарымызға,апайларымызғ аайтып берейік*<br>***4.Балабақшаға қайту.***<br>*1,2,3 ұшып келеміз, ұшып келеміз, балабақшаға да жеттік.*<br>*Сұрақ – жауап.*<br>*-Біз қайда, немен бардық?*<br>*-Нелермен кездестік?*<br>*-Кімге не ұнады?*<br>*Сыни ойлау, комуникатив дағды, жетелеуші сұрақтар арқылы бақылау.*<br>***Қортынды.***<br>*Балаларды мадақтау.* | | | |
| **Серуенге дайындық** | ***Киіну:*** *Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.* | | | | |
| **Серуен:** | ***Картотека № 1***<br>*Аспанды бақылау*<br>*4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.* | ***Картотека № 2***<br>*Жәндіктердің алғашқы жандануын бақылау*<br>*4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.* | ***Картотека №3***<br>*Көктемде теректерді бақылау*<br>*4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.* | ***Картотека № 4***<br>*Көктемгі бұлтты бақылау*<br>*4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.* | ***Картотека № 6***<br>*Желді бақылау*<br>*4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.* |
| | ***КӨКТЕМ СЕРУЕН КАРТОТЕКАСЫНАН.*** | | | | |
| **Серуеннен оралу** | *Балаларға реттіліқпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.* | | | | |
| **Түскі ас** | *Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүртінуді, сүлгілерін өз ұяшықтарына ілуді үйрету.. Ұқыпты тамақтану дағдыларына асты аздан алып ішуге, ас құралдарын дұрыс қолдануға тәрбиелеу. Үстелге дұрыс отырып,тамақтануға , нан қиқымын жерге түсірмей, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.* | | | | |
| **Ұйқы** | *Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау.* | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынық-тыру шаралары.** | ***Жаттығу кешені №6***<br>*Балалар тұрайық*<br>*Көзімізді ашайық*<br>*Қолымызды созып*<br>*Шынығып бір алайық.*<br>*4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.* | ***Жаттығу кешені №7***<br>*Балапандар тұрайық*<br>*Көзімізді ашайық*<br>*Жан-жаққа біз қарайық*<br>*Бір күлімден алайық.*<br>*4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.* | ***Жаттығу кешені №8***<br>*Ұйқыдан біз тұрамыз*<br>*Көзімізді ашамыз*<br>*Жан-жағымызға қарайық*<br>*Төсектен біз тарайық*<br>*4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.* | ***Жаттығу кешені №9***<br>*Ұйқыдан біз тұрайық*<br>*Көзімізді ашайық*<br>*Анда- мында созылып*<br>*Тарқасайық, тұрайық*<br>*4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.* | ***Жаттығу кешені №10***<br>*Көзімізді ашайық*<br>*Аунап, қунап алайық ,*<br>*Самал жел бізге желпісін,*<br>*Ұйқымызды ашайық*<br>*4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.* |
| **Бесін ас** | *Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.* | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ойындар, дербес әрекет. Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс** | *Жалпы топпен жұмыс «Мен боламын ғарышкер» өлеңін үйрету. М.Жаманбалинов*<br><br>***Жеке баламен жұмыс. Логикалық ойын: «Ұшатын затты тап»***<br>***Шарты:*** *көрсетілген суреттерден ұшатын заттарды тауып қоршау.*<br>*Еркін ойын : бала қалауы бойынша*<br>*4К моделі, бала үні,*<br>*Жаппай бақылау.* | *Жалпы топпен жұмыс «Гүлдердің таласы» ертегісін оқып, түсіндіру. Б.Османов*<br><br>***Сюжетті-рөлдік ойын «Аэропорт»***<br>***Шарты****: Аэропорттағы қызмет түрімен таныстыру. Роөлге бөлініп ойнау.*<br>*Еркін ойын : бала қалауы бойынша*<br>*4К моделі, бала үні,*<br>*Жаппай бақылау.* | *Жалпы топпен жұмыс «Жау-жау жаңбыр» әнін жаттау.*<br>*Жеке бала мен жұмыс:*<br>***Логикалық ойын: «Бір және көп»»***<br>*Шарты: Суреттегі не көп, не аз екенін тауып атау.*<br>*Еркін ойын : бала қалауы бойынша*<br>*4К моделі, бала үні,*<br>*Жаппай бақылау.* | *Жалпы топпен жұмыс Балаларға ұшақтың суретін бояту.*<br>*Жеке баламен жұмыс:*<br>***«Кім зерек?»***<br>***Шарты:*** *топтан орны ауысқан заттарды анықап табу.*<br>*Еркін ойын : бала қалауы бойынша*<br>*4К моделі, бала үні,*<br>*Жаппай бақылау.* | *Жалпы топпен жұмыс Ертегі сахналау: «Аспан әлем жұлдыздары» мультфилмін тамашалау.*<br>*Жеке баламен жұмыс:*<br>***Логикалық ойын: «Ненің көлеңкесі?»***<br>***Шарты:*** *жануарларды өздерінің көлеңкелеріне орналастырады.*<br>*Еркін ойын : бала қалауы бойынша*<br>*4К моделі, бала үні,*<br>*Жаппай бақылау.* |
| **Серуенге дайындық** | *Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.* | | | | |
| **Серуен** | ***Картотека № 1***<br>*Аспанды бақылау*<br>*4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.* | ***Картотека № 2***<br>*Жәндіктердің алғашқы жандануын бақылау*<br>*4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.* | ***Картотека №3***<br>*Көктемде теректерді бақылау*<br>*4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.* | ***Картотека № 4***<br>*Көктемгі бұлтты бақылау*<br>*4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.* | ***Картотека № 6***<br>*Желді бақылау*<br>*4К моделі, бала үні, жаппай бақылау.* |
| | ***ТАҢЕРТЕҢГІ СЕРУЕН КЕЗЕҢІН БЕКІТУ*** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | *Ата-аналарға ұсыныс:*<br>*Көктем мезгілі туралы шиырма жасау. Медбике кеңесі: «Баланы күн тәртібіне үйретудің маңызы»*<br>*Психологиялық кеңес:*<br>*«Қазақтың ғарышкерлерін білесің бе?» Ата-анаға ұсыныс: балаларды шығармашылыққа баулу.* | | | | |

Бекітілді
Кадиф -

**ЦИКЛОГРАММА**
**Сәуір айы**
**ІІІ апта (11.04-15.04)**
**«Балапан» ортаңғы тобы**
**Өтпелі тақырып «Біз еңбекқор баламыз»**

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 11.04. | Сейсенбі 12.04 | Сәрсенбі 13.04 | Бейсенбі 14.04 | Жұма 15.04 |
|---|---|---|---|---|---|
| | 1. Денсаулық<br>Дене шынықтыру-1<br>2. Әлеумет<br>Қоршаған ортамен таныстыру-0,5 | 1. Денсаулық<br>Дене шынықтыру – 1<br>2. Қатынас<br>Сөйлеуді дамыту-1<br>3. Таным<br>Жаратылыстану-1 | 1. Шығармашылық<br>Мүсіндеу-0,25<br>2. Қатынас<br>Орыс тілі – 0,5 | 1. Шығармашылық<br>Музыка -1<br>2. Денсаулық<br>Дене шынықтыру -1<br>3. Вариативтік компонент<br>«Ойна да, ойла» - 1 | 1.Таным<br>Математика негіздері – 1<br>2.Шығармашылық<br>Сурет салу - 1 |
| **Балаларды қабылдау Ата-ана-лармен әңгімелесу** | Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату. | | | | |
| **Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б. )** | Құрылымдалған ойын: «Көлеңкесін тап» **Ойын шарты:** Балалардың қолына әртүрлі заттардың суретін таратылады. Балалар қолдарындағы суреттер бойынша көлеңкесін тауып орындарына отырады. 4 К моделі, Сыни ойлау, Бала үні | Құрылымдалған ойын «Бұл қай кезде болады?» **Шарты:**Балалар жыл мезгілдерінің суреттерін жапсырып, ерекшеліктерін айтады. Бала үні,сыни ойлау | Құрылымдалған ойын «Үй құрылысының ретін көрсет» **Шарты:**Балаларға үйдің суретінің үлгісін көрсетеді.Әртүрлі пішіндерді таратып береді,сол пішіндерден үй құрастыруды ұсынады. 4К, сыни ойлау | Педагог жетекшілігімен ойын «Заттың санын тап» **Ойынның шарты:** балалар суреттегі заттарды санап, заттың санына байланысты тиісті цифрды қыстырғышпен қыстырады. 4 К моделі, Сыни ойлау | **Құрлымдалған ойын: «Ұя жасаймыз»** **Шарты:** Геометриялық пішіндерден ұя құрастыру. 4 К моделі, Сыни ойлау |
| **Таңертеңгі гимнастика** | **Сәуір айының 3- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелген**<br>**Мақсаты: Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау** | | | | |
| **Таңғы ас** | Ас мәзірімен таныстыру. Астың құрамындағы дәрумендер жайында айта отырып, асты тауысып жеуге кеңес беру. Балалардың дұрыс отыруын қадағалау. Тамақ үстінде жан жағына алаңдамауды, бір – біріне кедергі келтірмеуді үйрету. Рахмет айтуға тәрбиелеу.<br>Тамақ ішер алдында,<br>Сөйлемейміз, күлмейміз<br>Астан басқа өзгені,<br>Елемейміз білмейміз! | | | | |
